

Әлеуметтік педагог жоспарына сәйкес мұғалімдер арасында «Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы педагогикалық қарым-қатынас» тақырыбында оқылған баяндама мәліметі

Мәлімет

22.11.2024 жылы мектебімізде мұғалімдер арасында «Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы педагогикалық қарым-қатынас» тақырыбында оқылған баяндама оқылды. Баяндаманың мақсаты: Мұғалімдер мен оқушылар арасында жағымды психологиялық қатынас тудыру. Мұғалімдер мен оқушылардың өзара сыйластыққа, сүйіспеншілік пен мейірімділікті сезініп, қарым-қатынас жасауына көмектесу; ұжымда жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыру.

Психолог: Оқушылар мен ұстаздар арасындағы өзара қарым-қатынас жасау мәселесі психология ғылымындағы және тәлім-тәрбие ісіндегі әрі маңызды, әрі күрделі проблемалардың қатарына жатады. Бұл салаға байланысты зерттеулер оқушылар мен мұғалімдер арасында қолайлы қарым-қатынастар тудыруда түрліше ерекшеліктер бар екендігін көрсеткен. Біріншіден, мұғалім оқушы алдында өзінің қандай екенін сезініп, өзіне-өзі баға беруі керек. Атап айтқанда, оқушыларға деген қарым-қатынасының қалай екендігін сезіну үшін ұстаздық шеберлігі, өз пәнін жетік меңгеруі, сынып ұжымына жетекшілік ете алуы.

Осыдан келіп, сапалық ерекшеліктер келіп шығады:

1. Шәкірттердің адами қасиеттерін ескеріп онымен үнемі санасып отыру.
2. Олардың пікірлерін тыңдай білу.
3. Оқушыға сенімділік көрсету.
4. Шәкірттердің бойындағы кемшілікті көпшілік талқысына салмай, жеке өзіне оңаша айту.
5. Шәкірттермен сөйлескенде үнемі сыпайылық пен әдептілік үлгісін көрсету.
6. Шәкірттердің жан-дүниесін айтпай-ақ түсініп, үнемі сезімталдық көрсету.
7. Әрбір істе үнемі әділетті болу.
8. Шәкірттердің ынта-ықыласын тез аңғару.
9. Әркімге лайықты, орынды талап қоя білу.

10. Ұлдар мен қыздар арасындағы достыққа мән беріп, дұрыс жолға қоя білу. Енді оқушымен қарым-қатынастағы мұғалім бойындағы кемшіліктерді атайтын болсақ, олар мынадай:

1. Шәкірттердің дара ерекшеліктерімен санаспай, оларды бала санайды.
2. Ақыл-есі жетілмеген деп оларға көбінесе ақыл айтады.
3. Оқушыларға сенімсіздікпен қарап, олардан тек өз айтқандарын бұлжытпай орындауды талап етеді.
4. Оқушылардың ағат сөздеріне, кемшіліктеріне мысқыл күлкімен ескертулер жасайды.
5. Шәкірттерге зекіп сөйлеп, олардың айтайын деген сөзі мен жауабын толық тындамай, бөліп тастайды.
6. Шәкірттердің көпшілік арасында ұялатын құпия сырларын ішінде сақтамайды.
7. Кейбір оқушыларды ғана бөлектеп, алалап, әділетсіздік білдіреді.
8. Оқушылар бойындағы қабілеті мен күш-жігерін барынша бақылап, оның басқа да қырларына назар аудармайды.
9. Оқушылардың мінез-құлқынан үнемі мін іздеп, оның әрбір жаза басқандығын жазалап отыруды қолдайды.
10. Жүріс-тұрысының бәрі асығыс, үнемі өз жұмыстарымен ғана шұғылданады.
11. Мұғалім сабақты қызықсыз, жалаң өткізеді. Ашуланшақ, күйгелек, ешкімнің пікірімен санаспайды, не өз іс-әрекетіне мән бермейді.

Оқушылардың мұғалімдерге қойылатын мұндай талаптарын ұстаздар үнемі ескерсе ғана өзара үйлесімді қарым-қатынас орнайды. Жалпы, педагогикада баланың даралық ерекшеліктері мен жан дүниесінің сырына терең бойлап, олардың мінез-құлықтарымен санасқан тиімді екендігі ескертіледі.

Оқушыларды көтермелеу талаптары өз деңгейінде қолданылып отыруының да қарым-қатынаста өзіндік әсері зор.

Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы кемшіліктер ең бастысы, мұғалімнің жеке басындағы мінез-құлық пен кәсіби олқылықтарына байланысты болатыны дәлелденген. Өйткені, мұғалімнің білім дәрежесінің төмендігі мен әдісінің шалалығы оқушылардың мұң-мұқтажын қанағаттандыра алмайды. Мұғалімнің мінез-құлқы өз мамандығының талаптарына сай болса ғана қолайсыз жағдайлар болмайды. Әсіресе, жас мұғалімдер мұндай жағдайлардың мән-жайын терең барлап, түсінгені дұрыс.